

Атырау қалалық Мәслихаты депутаттығына № 2 және № 18 сайлау округтері бойынша кандидаттар үшін Атырау қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 12 қыркүйектегі № 936 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 қыркүйекте № 2779 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 26 желтоқсандағы № 1350 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 26.12.2013 № 1350 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 28 бабы 6 тармағы негізінде, қалалық әкімдік **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, қалалық аумақтық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп, Атырау қалалық Мәслихаты депутаттығына № 2 және № 18 сайлау округтері бойынша кандидаттар үшін Атырау қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары **б е л г і л е н с і н .**

2. "Атырау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Атырау қалалық әкімдігінің интернет-ресурсында және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімі аппаратының басшысы **Б. Құсниевқа** жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің міндетін атқарушы **Ж. Қарағәев**

К Е Л І С І Л Д І :

Атырау қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы (келісім бойынша) **А. Абдолов**

12.09.2013 ж.

Атырау қалалық Мәслихаты депутаттығына № 2 және № 18 сайлау округтері бойынша кандидаттар үшін Атырау қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

№	Орналасқан жері
1	Дамбы селолық округі, Амангелді селосы, Аманкелді Иманов көшесі, № 15 үй мекен-жайында орналасқан "Құрманғазы атындағы мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына қарасты Дамбы селолық Мәдениет үйі маңындағы стенд
2	Кеңөзек селолық округі, Таскала селосы, Ерсұлтан Молдашев көшесінде орналасқан № 24 үй мекен-жайында орналасқан "Айзере" дүкені маңындағы стенд
3	Геолог селолық округі, Геолог селосы, 65А үй мекен-жайында орналасқан кітапхана ғимараты маңындағы стенд
4	Қайыршақты селолық округі, Томарлы селосы, Колхоз көшесінде орналасқан № 2 үй, "Іңкәр" дүкені маңындағы стенд